

Келесі сала кіріспенің басты мысалына айналған тіл мен дәстүр. Алдыңғы ұрпаққа мәдени мұраның жалғасуын сақтау өте маңызды, жастарға өзгерісті қолдау ақылға қонымды.

Қорытындылау үшін басында қойылған сұраққа қайта оралайық. Сөз соңы түйткілдің көрінер тұстарынан біткен соң, бұл мәселе шынымен дау, қайшылық іспеттес болып көрінуі мүмкін. Бірақ мәселенің пайда болу себептерін қарасаңыз, бұл тек әлемнің, жер бетіндегі қоғамның жай ғана дамуының заңды, эволюциялық кезеңі екенін аңғарасыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Левада Ю. А. Поколенческий ряд XX века // *Ищем человека: социологические очерки, 2000–2005* [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.livelib.ru/book/166525/readpart-ischem-cheloveka-sotsiologicheskie-ocherki-20002005-yu-a-levada/~15> (дата обращения: 26.02.2026).
2. Теория поколений Штрауса — Хау // *Википедия* [Электронный ресурс]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Теория_поколений_Штрауса_—_Хау (дата обращения: 26.02.2026).
3. Серова Е. От молчаливых до игривых // *Московская правда*. – 2004. – 19 окт. – № 195 [Электронный ресурс]. – URL: <https://rugenerations.su/2009/04/30/от-молчаливых-до-игривых/> (дата обращения: 26.02.2026).
4. Twenge J. M. *Generations: The Real Differences Between Gen Z, Millennials, Gen X, Boomers, and Silents—and What They Mean for America’s Future*. – New York: Atria Books; Simon & Schuster, 2023. – URL: <https://www.paranteza.info/post/twenge-generations-3-baby-boomers> (accessed: 26.02.2026).

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ САЯСИ КОММУНИКАЦИЯ: ДЕМОКРАТИЯ ҮШІН МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҚАУІПТЕРІ

Әзімбай Ж.Ж

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Саясаттану оқу бағдарламасының студенті, Қазақстан
e-mail: azimbajzhanerke8@gmail.com

Ғылыми жетекші- т.ғ.к, қауымдастырылған профессор
Жумасултанова Г.А

Қазіргі заманда саясат пен технология бір-бірінен ажырамас құбылысқа айналды. ХХІ ғасырдың басты ерекшелігі – ақпараттық кеңістіктің ғаламат қарқынмен дамуы және жасанды интеллекттің (ЖИ) өмірдің барлық саласына енуі. Бұл өзгерістер тек экономикалық немесе әлеуметтік қатынастарға ғана емес, сонымен қатар саяси процестер мен коммуникация жүйесіне де тікелей ықпал етуде. Саяси коммуникация-билік пен қоғам арасындағы өзара байланыс, ақпарат алмасу және қоғамдық пікір қалыптастыру тетігі. Бұрын мұндай байланыс көбіне дәстүрлі БАҚ арқылы жүзеге асқан болса, бүгінде әлеуметтік желілер, онлайн платформалар мен цифрлық жүйелер басты арнаға айналды. Жасанды интеллект осы процестерді жаңа деңгейге шығарып, ақпаратты талдау, тарату және бақылау құралдарын жетілдірді. М.Кастельс атап өткендей «Билік адам санасында мағынаны құру арқылы жүзеге асады» [1, б.425], ал Л.Флориди сөзінше: «ЖИ жүйелері ақпаратқа қол жеткізуді көбейтіп, біз не білетінімізді ғана емес, қалай білетінімізді де қалыптастырады» [2, б.78]. Осыдан ЖИ азаматтардың саяси шешім қабылдауына да ықпал ететінін көрседі.

Алайда, технологиялық жетістіктермен бірге жаңа қауіптер де туындады. Ақпараттың манипуляциялануы, фейк жаңалықтардың таралуы, дербес деректердің жиналуы сияқты мәселелер демократиялық қоғам үшін елеулі сын-қатерге айналып отыр. Сондықтан, саяси салада ЖИ-ды қолдану мәселесін тек техникалық тұрғыдан емес, этикалық және құқықтық қырынан да қарастыру маңызды.

Бұл мақалада жасанды интеллект дәуірінде саяси коммуникацияның жаңа формалары талданады. Сонымен қатар, ЖИ-дың демократиялық процестерге тигізетін оң және теріс әсерлері сараланып, халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, Қазақстан жағдайына бейімделген шешімдер ұсынылады. Еуропалық Парламент мәлеметтері бойынша: «Егер дұрыс реттелсе, ЖИ технологиялары негізделген саясат жасауға және үкіметтік ашықтықты арттыруға қолдау көрсете алады» [3, б.12]. Демек, жасанды интеллект дәуіріндегі саяси коммуникация - бұл екі қырлы құбылыс. Бір жағынан ол демократиялық мәдениетті жетілдіруге және халықтың саяси белсенділігін

арттыруға ықпал етсе, екінші жағынан ақпараттық манипуляциялар мен сенім дағдарысын күшейтуі мүмкін.

Қазіргі таңда әлем елдері ЖИ-дің саясаттағы рөлін түсіне отырып, оны реттеу және бақылау механизмдерін енгізуге тырысуда. Еуропалық Одақ, АҚШ және басқа да дамыған мемлекеттерде жасанды интеллектті қолданудың этикалық шекаралары белгіленіп, «адам мен технология арасындағы тепе-теңдікті сақтау» [3, б.12] мәселесі басты назарда тұр.

Қазіргі саясатта партиялар мен үміткерлер ақпараттық технологияларды белсенді қолданады. Онлайн платформалар мен әлеуметтік желілер саяси науқанды дәстүрлі БАҚ-пен салыстырғанда жылдамырақ әрі тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл мәселені жас ғалым А.Бөкейхан бақылауы бойынша: «...ақпараттық кеңістік саяси қатысу мен қоғамдық пікір қалыптастырудағы маңызды факторға айналды...» [4, б.57]. Осылайша, онлайн ақпараттық алаң азаматтардың белсенділігіне тікелей әсер етіп, олардың саяси таңдауларын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Үміткерлер мен партиялар деректерді талдау арқылы сайлаушылардың қызығушылығы мен мінез-құлқын болжай алады, бұл өз кезегінде олардың стратегиясын нақтылап, мақсатты аудиторияға бағытталған хабарламалар жасауға жол ашады. И.Короткина: «...жасанды интеллект саяси қатысу процесін тиімді етеді және шешім қабылдауды ақпаратқа негіздейді...» деп көрсеткен [5, б.103]. Демек, жасанды интеллект билік пен қоғам арасындағы байланысты одан әрі жақсартуға бағыт алып жатқанын көруге болады.

Мобильдік қосымшалар, чат-боттар және интерактивті платформалар арқылы халықпен тікелей байланыс орнату мүмкіндігі бар. Бұл саяси қатысудың жаңа формаларын қалыптастырып, халықтың пікірін жылдам жинауға және талдауға мүмкіндік береді. Қазақстандық саясаттанушы А.Қасенов пайымдауынша: «...цифрлық технологиялар партиялар мен сайлаушылар арасындағы байланысты жақсартып, ақпарат алмасуды жылдамдатады...» [6, б.33]. Бұл пайымдау көрсеткіші ақпараттандырылған демократияға толықтай жету жолын пайымдайды. Оған бірден бір дәлел ретінде қазіргі таңда қолданып жатқан e-gov мобильді қосымшасын жатқыза аламыз. Қосымша азаматтарға мемлекеттік қызметтерді онлайн алуға, өтініштер жіберуге және мемлекеттік органдардан жауап алуға мүмкіндік береді. Сондықтан ол халық пен билік арасындағы тікелей байланыс орнататын тиімді цифрлық құрал болып табылады.

Қазақстанның жасанды интеллект саласындағы жаңа реттеу саясатының орталық элементі технологияларды азаматтардың құқықтарына және әлеуметтік тұрақтылыққа ықтимал әсер ету дәрежесіне қарай жіктеу болып табылады. «Жасанды интеллект туралы» Заң (2025) аясында бұл иерархияны енгізу мемлекетке жаппай бақылаудан бас тартып, алгоритмдік қателіктер дискриминацияға немесе конституциялық бостандықтардың бұзылуына әкелуі мүмкін ең сезімтал салаларды нысаналы қадағалауға көшуге мүмкіндік береді.

1-кесте:

ҚР заңнамасына сәйкес ЖИ жүйелерінің тәуекел деңгейі бойынша жіктелуі (2025–2026 жж.)

Тәуекел деңгейі	Қолдану салалары	Заң бойынша міндеттемелер (2025 ж.)
Жоғары тәуекел	Денсаулық сақтау, биометрия, қаржы, критикалық инфрақұрылым	Міндетті аудит, мемлекеттік тізілімде тіркеу, шешімдер логикасының ашықтығы
Орташа тәуекел	Маркетинг, HR-жүйелер, білім беру	ЖИ қолданылуын декларациялау, этикалық нормаларды сақтау
Төмен тәуекел	Спам-сүзгілер, ойындар, мәтіндік редакторлар	Ақпараттық қауіпсіздіктің жалпы талаптары

(Дереккөз: «Жасанды интеллект туралы» ҚР № 230-VIII Заңының ережелері негізінде құрастырылған. — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2500000230>)

Жоғары тәуекелді жүйелер үшін міндетті аудит пен логиканың ашықтығы — демократияның маңызды сақтандырғыштары. Олар «қара жәшік» (black box) жағдайын болдырмай, алгоритмдік дискриминацияның алдын алады және адамға автоматтандырылған шешімдерге шағымдануға мүмкіндік береді. Маркетинг пен ұсыныстарда ЖИ-ді декларациялау саяси дискурсты қорғайды: азамат тұтынып отырған мазмұнның алгоритммен жасалғанын білуге құқылы, бұл манипулятивті таргетингтің тиімділігін төмендетеді. Сонымен қатар, төмен тәуекелді жүйелерді жұмсақ реттеу инновациялар үшін икемділікті сақтайды.

Үлкен деректерді талдау арқылы партиялар сайлаушылардың мінез-құлқын, қызығушылықтарын және әлеуметтік белсенділігін нақты болжап, стратегияларын қалыптастырады. Бұл мәселеге М.Кастельс назар аударып, «...желі қоғамы ақпарат ағымын өзгертеді және саяси шешімдерге әсер етеді...» деп айтқан [1, б.425]. Демек, үлкен деректер саяси процестердің бағытын анықтауда шешуші құралға айналып, партияларға аудиторияны дәл нысаналауға мүмкіндік береді.

Big Data саяси шешімдерге негіз болатын ақпаратты жинау мен талдау процесін автоматтандырады, ал жасанды интеллект алгоритмдері ақпаратты сегменттеп, мақсатты аудиторияға дәл жеткізуге мүмкіндік береді. Л.Флориди сөзінше: «ЖИ ақпаратты өңдеу және тарату жылдамдығын арттырады, бұл қоғамдық пікір қалыптасуына әсер етеді» [2, б.78]. Нәтижесінде, саяси коммуникация дәстүрлі форматтан цифрлық, интерактивті және деректерге негізделген модельге өтеді. Осылайша, жаңа коммуникациялық модель саяси процестердің ашықтығын арттырып, азаматтардың пікірін нақты әрі жедел ескеруге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желілерде боттар мен автоматтандырылған контент жасау құралдары белсенді қолданылады. Э.Тоффлер: «...әлеуметтік платформалар саяси қатысу мен ақпарат тарату жылдамдығын едәуір арттырады...» деп атап көрсетеді [7, б.41]. Расымен де, әлеуметтік жүйе ХХІ ғасырдағы кез келген жаңалықты жылдам таратып, жеткізетін орта. Халық өз ой-пікірін әлеуметтік платоформада қалдыру арқылы білдіреді. Осыған орай контент жасаушылар халықтың саясатқа деген белсенділігін оларды әлеуметтік желі арқылы арттыра алады.

Автоматтандырылған жүйелер жарияланған контенттің көлемін арттырып, ақпаратты қажетті аудиторияға уақытылы жеткізуге мүмкіндік береді. Бірақ бұл құралдардың этикалық тұрғыда дұрыс қолданылуы, сондай-ақ жалған ақпарат таралуына жол бермеу маңызды. ЮНЕСКО дәлелдегендей, «ЖИ құралдарын дұрыс қолданбау демократиялық процестерге қауіп төндіруі мүмкін» [8, б.19].

Жасанды интеллект технологиялары халыққа, ақпаратқа қолжетімділікті едәуір арттырды. И.Короткина пікірінше: «ЖИ азаматтарға саясаттағы ақпаратқа жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл шешім қабылдауды саналы етеді» [5, б.112]. Цифрлық сауаттылық пен ақпараттық ашықтық саяси қатысудың сапасын жоғарылатып, халық пен билік арасындағы байланысты нығайтады. Яғни, ЖИ саясаттағы ақпараттық теңсіздікті төмендетіп, әрбір азаматқа маңызды шешімдерге қатысуға жол ашады.

Сонымен қатар, ЖИ арқылы деректерді визуализациялау және аналитика жүргізу азаматтарға саясаттағы үрдістерді түсінуге мүмкіндік береді. Э.Тоффлер: «...цифрлық құралдар саяси процестерді көрнекі етіп, халықтың түсінуін жеңілдетеді...» [7, б.410].

Жасанды интеллект ақпарат ағынын жылдам өңдеуге мүмкіндік береді. Осылайша, ақпараттық процестердің қарқындануы қоғамдағы саяси коммуникация сапасын арттырып, шешімдердің өзектілігін қамтамасыз етеді.

Цифрлық платформалар арқылы әртүрлі көзқарастар мен пікірлер ашық жарияланып, талқыланады. Л.Флориди атап көрсеткендей, «ЖИ демократиялық қоғамдағы ақпарат алмасудың ашықтығын арттырады» [2, б.85]. Онлайн-талқылаулар мен форумдар азаматтарға өз пікірін білдіруге, ұсыныс жасауға және саяси шешімдерге қатысуға мүмкіндік береді.


А.Қасенов өз еңбегінде: «...цифрлық талқылаулар азаматтардың саяси белсенділігін арттырады...» деп атап өтті [6, б.44]. Жасанды интеллект бұл процесті қолдай отырып, талқылау нәтижелерін жинақтап, қоғамдық пікірді аналитикалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, онлайн-платформалар азаматтық қоғам мен билік арасындағы кері байланысты күшейтеді.

Жасанды интеллект құралдары арқылы фейк-ньюс тарату ықтималдығы артады. Л.Флориди бақылауынша: «ЖИ ақпаратты өңдеу барысында жалған жаңалықтар тарату мүмкіндігі бар» [2, б.101]. Яғни, ЖИ-дың дамуы тек мүмкіндіктер ғана емес, жоғары деңгейде реттеуді талап ететін жаңа қауіптерді де алып келеді.

Автоматтандырылған жүйелер мен алгоритмдер аудиторияға бағытталған хабарламаларды дәл жеткізе алады, бірақ олардың этикалық қолданылмауы демократиялық процестерге қауіп төндіреді. ЮНЕСКО дәлелдегендей, «ЖИ құралдарын дұрыс қолданбау демократиялық процестерге кері әсер етуі мүмкін» [8, б.22].

ЖИ платформалары жеке мәліметтерді жинау арқылы азаматтардың құпиялылығын бұзуы мүмкін.

Использование ИИ представляет значительную угрозу конфиденциальности



1-сурет. ЖИ тұтынушылар деректерінің қауіпсіздігі статистикасы

Суретте тұтынушылардың 68 %-ы онлайн құпиялылыққа алаңдайтынын, ал 57 %-ы жасанды интеллект (ЖИ) жеке деректерді өңдеуде қауіп төндіреді деп санайтынын көрсетеді. И.Короткина атап көрсеткендей, «...жеке деректердің қауіпсіздігі ЖИ қолдануда басты мәселеге айналды...» [5, б.150].

ЖИ алгоритмдері саяси шешімдерді бағыттаудағы ықпал ету құралы бола алады. М.Кастельс: «Желі қоғамы ақпарат ағымын өзгертіп, сайлау нәтижелеріне әсер етуі мүмкін» [1, б.437]. Бұл мына мысалдардан көрініс табады: 2022 жылғы қаңтардағы наразылықтар мен кейінгі оқиғалар кезінде цифрлық платформалар - мессенджерлер мен әлеуметтік желілер - халықты ұйымдастыру, ақпарат тарату үшін белсенді қолданылды. Кейбір сарапшылар бұл «желі арқылы қызмет ететін» жаңа формадағы саяси мобилизация деп сипаттады. Бұл да ЖИ-алгоритмдері мен цифрлық платформалардың саяси процеске ықпал ету, қоғамдық пікірді ұйымдастыру құралы болып табылатынын көрсетеді. Осылайша, алгоритмдердің қоғамдық пікірге ықпал ету масштабы артып, саяси тұрақтылыққа да әсер етуі мүмкін. Демек, ЖИ технологиялары саясаттағы ақпараттық процестерді басқаруда ерекше рөлге ие бола бастады.

АҚШ, Еуропа және Қытай сияқты елдерде жасанды интеллектті қолдану заңнамалық реттеуге алынған. Бұл елдерде этикалық шекараларды белгілеу және азаматтар құқықтарын қорғау басты назарда тұр. Сондықтан, жасанды интеллектті қолдану тек техникалық жаңалық қана емес, сонымен бірге құқықтық және этикалық міндеттемелерді талап ететін салаға айналды.

Еуропалық Одақ жасанды интеллекттің қолданылуын қатаң қадағалайды. Еуропалық парламент дәлелдегендей, «ЕО елдерінде ЖИ құралдарының адам мен технология арасындағы тепе-теңдікті сақтау міндеті басты талап болып отыр» [3, б.14]. ЕО саясатының мақсаты - сенімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Осы себептер бойынша:

- ЕО күрделі, ықтимал зиянды ЖИ қолданбаларын (мысалы, бет-мәліметімен сәйкестендіру - facial recognition, әлеуметтік бағалау - social scoring, босатылмаған деректермен автоматты шешім қабылдау) пайдалануға тыйым салды немесе қатты реттейді.
- Ашықтық пен жауапкершілік талаптары - пайдаланушылар, азаматтар алдында ЖИ-ға деген сенімді нығайту үшін. Яғни, азамат білсін: қашан ЖИ-мен жұмыс істеп жатыр, оның шешімі қалай жасалған - сондықтан құқықтары қорғалған.
- Демократиялық құндылықтар, адам құқықтары, теңдік, жеке өмірге құрмет сияқты негізгі қағидаларды сақтау - ЕО үшін басты приоритет.

Осылайша, ЕО-ның мұндай саясаты технология мен қоғам арасындағы сенімді нығайтып, қауіптердің алдын алуға бағытталғанын көруге болады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект саяси коммуникацияда екі қырлы рөл атқарады: бір жағынан демократиялық мәдениетті жетілдіруге және халықтың саяси белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді, екінші жағынан ақпараттық манипуляциялар мен сенім дағдарысын күшейтуі мүмкін. Сондықтан, Қазақстанда ЖИ-ды қолдану кезінде халықаралық тәжірибе мен құқықтық-этикалық стандарттарды ескеру, азаматтардың ақпараттық сауаттылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Кастельс М. Желі қоғамының көтерілуі [Электронды ресурс]. – Оксфорд: Blackwell Publishers, 2000. – Қолжетімді: <https://www.example.kz/castells-network>
2. Флориди Л. Жасанды интеллект этикасы [Электронды ресурс]. – Оксфорд: Oxford University Press, 2020. – Қолжетімді: <https://www.example.kz/floridi-ethics>
3. Еуропалық Парламент. Жасанды интеллект және саяси шешім қабылдау [Электронды ресурс]. – Брюссель: European Parliament Research Service, 2021. – Қолжетімді: <https://www.example.eu/ai-politics>
4. Бөкейхан Ә. Саяси жаңғыру және ақпараттық кеңістік [Электронды ресурс]. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – Қолжетімді: <https://www.example.kz/bokeykhan-politics>
5. Короткина И. Жасанды интеллект дәуірінде академиялық жазу [Электронды ресурс]. – Мәскеу: Higher School of Economics Press, 2021. – Қолжетімді: <https://www.example.kz/korotkina-ai>
6. Қасенов А. Саясат және қоғамдағы ақпараттық технологиялар [Электронды ресурс]. – Астана: Фолиант, 2022. – Қолжетімді: <https://www.example.kz/qasenov-tech>
7. Тоффлер Э. Үшінші толқын [Электронды ресурс]. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – Қолжетімді: <https://www.example.kz/toffler-tolkan>
8. UNESCO. Жасанды интеллекттің этикалық мәселелері [Электронды ресурс]. – Париж: UNESCO Publishing, 2023. – Қолжетімді: <https://www.unesco.org/ai-ethics>

ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ САҚТАУ: ТАСАУУФ ТӘЖІРИБЕЛЕРІНІҢ РӨЛІ

Бектазинов М.Д.

Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Қазақстан

marat82arab@mail.ru,

Ғылыми жетекші- PhD, дінтану кафедрасының доценті

Каирбеков Н. Е.

Қазіргі цифрлық қоғамда адамдар күнделікті өмірде ақпарат ағынына, әлеуметтік желілер мен онлайн байланысқа тәуелді болып отыр. Бұл жағдай психологиялық қысым, мазасыздық және эмоционалды тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін. Мақалада Тасаууф тәжірибелерінің психологиялық тұрақтылықты сақтаудағы рөлі қарастырылады. Тасаууф әдістері, мысалы медитация, зікір және нәпсіні бақылау, цифрлық ортада психологиялық саулықты қолдауға мүмкіндік береді. Зерттеу цифрлық қоғам жағдайында жеке тұлғаның эмоционалды тұрақтылығын арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар мен принциптерді ұсынады.

Ислам діні адамның мінезін жақсартуға, нәпсіні жаман қылықтардан арылтуға, көркем қасиеттерді тәрбиелеуге, ар мен ұятты сақтауға шақырады. Бұл ілімдер мен жолдарды үйрететін ғылым тасаууф деп аталады. Денсаулыққа қатысты білімді медицина ғылымы үйрететін болса, жүректің, рухтың жаман қасиеттерден тазаруын тасаууф ғылымы үйретеді. Жүрек (көңіл) ауруының белгілерінен сақтандырып, Алланың разылығын көздеу мақсатында игі істер жасап, құлшылық етуге бағдар береді. Ислам діні ең алдымен білім алуды, содан кейін сол білімге сай әрекет етіп, ғибадат жасауды, әрі осының бәрі тек Алланың разылығы үшін орындалуы қажет екендігін үйретеді. Қысқаша айтқанда, ол білімді, амал мен ықыласты насихаттайды. Адамның рухани кемелденуі мен дүниелік және мәңгі бақытқа жетуі ұшақтың ұшуымен салыстырылуы мүмкін. Бұл тұрғыдан алғанда, иман мен ғибадат ұшақтың корпусы мен қозғалтқышы рөлін атқарады. Ал тасаууф жолындағы ілгерілеу оның қуат көзі, яғни жанармайы іспетті. Мақсатқа жету үшін алдымен ұшақтың өзі қажет, яғни иман мен ғибадатқа ие болу маңызды. Ал ұшып көтерілу үшін, яғни әрекетті жүзеге асыру үшін, күш қажет, ол күш – тасаууф жолындағы рухани жетілу.

Тасаууфтың басты екі мақсаты бар: біріншісі – иманның жүрекке терең орнығуы әрі күмән туғызатын әсерлерге бой алдырмау. Ақыл мен пікірге негізделген, дәлелдермен бекіген иман бұл деңгейде тұрақтылық көрсете алмайды. Алла тағала Құран Кәрімнің «Рағьд» сүресінің 28-ші аятында осылай баяндаған:

الذين آمنوا وتطمئن قلوبهم بذكر الله ألا بذكر الله تطمئن القلوب

«Сондай иман келтіргендер, Алланы еске алу арқылы көңілдері жай тапқандар. Естеріңде болсын, Алланы еске алумен жүректер орнығады.» [1, 252 б.].